

Петропавл қаласы көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің қаулысы және Петропавл қалалық мәслихатының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 1070 бірлескен шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 8 тамызда N 13-1-49 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4 тармақшасына сәйкес, Петропавл қаласы ономастика комиссиясының шешімі, түсініктеме хат, экономикалық есептеулер негізінде, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ АЛДЫ** және Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Қаланың мына көшелерінің атаулары өзгертілсін:
 - 1) Университет көшесінің атауы Абай көшесіне.
 - 2) Абай көшесінің атауы Тоқсан би көшесіне.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Н. Құлжановаға жүктелсін.

Қала әкімі

Петропавл қалалық

мәслихат төрағасы

Петропавл қалалық

сессиясының мәслихат хатшысы